Journal articles are registered in the CrossRef database and a DOI is necessarily assigned to each author's article - a digital object identifier that is used to provide citation, reference and output to electronic documents. The journal is indexed by the Kazakhstan Citation Database (KazCD) of the National Center for State Scientific and Technical Expertise JSC (NCSTE). Gradually, we begin to orient the authors to the preparation of publications according to the standards adopted in the editions included in the international citation databases Web of Science and Scopus. Previously, the requirements for the volume of the annotation and keywords have already been adjusted.

The editorial board of the journal includes leading Kazakhstani and foreign scientists. The journal follows the policy of information openness and accessibility of authors' publications; articles are posted on the journal's website in three languages in full-text access.

The purpose of the journal is to disseminate scientific information and attract new authors. The journal initiates discussions on the outcome of new advances in the humanities.

The tasks of the journal:

Accept original high quality scientific articles that have not been previously published or submitted for publication in another journal.

Rely on the requirements of the legislation of the Republic of Kazakhstan in relation to copyright and generally accepted in world practice provisions on publication ethics.

Focus on the coverage of publications in the following specialties: humanitarian sciences

1. Literary studies
2. Art studies

With respect and hope for cooperation, Editor-in-chief of "Keruen", Doctor of Philology, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of the M.O. Auezov Institute of Literature and Art MATYZHANOV Kenzhekhan Slyamzhanovich.

Оралбек А.¹, Қосанов С.Қ.², Рақыш Ж.С.³

¹М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Қазақстан, Алматы

²Әл-Фараби атындағы қазақ Ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы

E-mail: ¹ora-10@mail.ru, ²Kosan_1964@mail.ru, ³Zhumashay19@mail.ru

Orcid ID: ¹0000-0002-0600-7006, ²0000-0001-8273-3571, ³0000-0002-7574-072X

**ӘБДІҒАЛИ САРИЕВ ӨЛЕНДЕРІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ,
ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аңдатпа. Ұлтымыздың XIX ғасырдағы әдебиетінің шынайы көрінісі, ел тәуелсіздігі жолындағы өзекті арқауы, ұлы мүддесі патшалық Ресейдің тұсында да, Советтік саясат кезеңінде де өз деңгейінде ашылмай, айтылмай келген еді. Бірқатар ақындардың шығармашылығы кеңестік идеология тасасында өз бағасын ала алмай келді. Көркем әдебиет пен қоғамдық-әлеуметтік құбылыстардың сабақтастығы, сонымен қатар ұлттық әдебиеттің ақтандақ беттері тұңғыш рет ғылыми түрде негізделіп, басты сипаттары мен заңдылықтары дәйектелді. Ақындар мұрасы қайта қаралып, архивтерде шаң басып жатқан деректер назарға алынды, жаңа көзқарас тұрғысынан бағаланды.

Өткен ғасырдағы халық ақындары шығармашылығының халқымыздың рухани өмірінде алатын орны туралы айтылып та, жазылып та келді. Алайда кеңестік тәртіптің кесірінен әдебиетіміз тек біржақты көрініс алып, көбінде саяси көзқарастардың ығында кетті. Еліміздің әр түкпіріндегі кейбір халық ақындары мен олардың шығармашылығы танымал тұлғалардың тасасында қалып қойғандықтан, олар туралы іргелі зерттеулер жүргізіліп, еңбектері ғылым айналымға түсті деп айта алмаймыз. Дәл осындай халық ақындарының бірі және бірегейі Әбдіғали Сариев.

Мақалада халық ақыны Әбдіғали Сариевтың шығармаларының тақырыбының әр алуандылығы мен жанрлық ерекшеліктері сөз болады.

Кілт сөздер. Халық ақыны, поэзия, тақырып, жанр, айтыс, жыр, толғау.

Кіріспе. XX ғасырдағы халық ақындары шығармашылығының халқымыздың рухани өмірінде алатын орны туралы зерттеу еңбектерде айтылып келеді. Алайда, Кеңестік дәуірде біржақты көрініс тауып, саяси көзқарастардың ығында кетіп, танымал тұлғалардың тасасында қалып, туындылары ұмытыла бастаған еліміздің түкпір-түкпіріндегі ақындық мектептер өкілдерінің әдеби мұралары бүгінгі замандағы ұлттық таным деңгейінде іргелі түрде зерттелді деп айта алмаймыз.

Арғысы Қабан жырау мен Сүйінбайдан басталып, Құлмамбет, Сарбас, Бақтыбай, Жамбыл, Көдек, Үмбетәлі Кенен т.б. ондаған жыр дүлділдері шыққан Жетісу ақындық мектебінің өзіндік орны ерекше. Алайда, бұл мектеп өкілдерінің әдеби мұралары толық зерттеліп, кейінгі ұрпақтың жетесіне жетпегені өкінішті. Әсіресе, Жамбылдың үзеңгілестері мен ізбасарлары – Сарбас, Қаңтарбай, Қуандық, Тілеміс, Әмір, Бармақ, Қарқабат, Әпежек, ізбасарларынан Саяділ, Өмірзақ, Қалқа, Өтеп, Қуат, Әбдіғали, Шарғын, Жартыбай, Опантай, Ертай, т.б. болып жалғаса беретін дарындардың есімдері тек ғылыми еңбектерде ғана аталып жүр. Олардың шығармашылығы жөнінде кезінде М.Әуезов: «Жамбылдың өз айналасына келгенде, қоюланған қою үйір, үлкен шоғыр, ордалы өленді көруге болады», – деп Жетісу ақындық мектебін әділ бағаласа, бұл қатарда Жамбыл шәкірттерінің бірі – Әбдіғали Сариевтің де өзіндік орны бар.

Кеңес дәуірінде оның небары бес-алты баспа табақ шығармалары қайталанып, әлденеше рет басылған. Бүгінгі күні ақынның жиналған шығармаларын оқи отырып, ақынның еңбекорлығына, белсенділігіне еріксіз таңданасыз. Оның шығармалары – колхоз өмірі, ауыл тынысы, кеңес дәуірінің қарапайым адамдары, туған жер туралы.

Сондай-ақ оның жырлары мен дастандарында Ұлы отан соғысы тақырыбы ерекше орын алды. Сонымен қатар ақынның сүйіп жырлайтын тақырыбы – халқымыздың кешегі тарихы – Сұраншы, Саурық батырлар, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. Бүгінде жаңа ұрпақ санасынан өше бастаған ел тарихы ақын дастандары арқылы қайта көтеріліп отыр.

Әбдіғали жасынан ұлттық әдебиетіміздің ғасылар бойы жалғасып келе жатқан асыл мұрамыздың ізімен ақындық, жыршылық мектептердің өнегесінен нәр алып, оны өз әлінше жетілдіре, толықтыра отырып, кейінгі ұрпаққа жеткізуге қызмет еткен ақын.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Әбдіғали сан түрлі тақырыпта жырлаған ақын. Кеңес кезіндегі қызу құрылыс, табиғат, махаббат, замандастар бейнесі, ұлы отан соғысы, тарихи тұлғалар, мысал жырлар, нақыл сөздер, арнаулар, сонымен қатар шығыстық аңыздарға құрылған жырлар сияқты әр түрлі тақырыпқа өлең, терме, толғау, дастан жазған. Сондай-ақ сөз додасы – айтыс өнерінде де із қалдырған.

Ақын ретінде таныла бастаған Әбдіғали Сариевтің өлеңдері алғаш 1924 жылы Жетісу облыстық «Тілші» газетінде жарияланып, одан кейін аудандық, облыстық газеттерде басыла бастаса, кейін көлемі шағын болса да ұрпақтарының, оның ішінде қызы Шайымхан Сариеваның талмай ізденуі, шаршамай жүгіруінің арқасында «Өлеңдер» (1951), «Замана сазы» (1976), «Мейір» (1990), «Ақиық» (2000) деген аттармен жеке кітап болып басылып шықты. Сондай-ақ ақын туралы К. Сейдехановтың «Халық поэзиясы және бүгінгі өмір» атты ұжымдық жинақта жарияланған «Әбдіғали Сариевтің екі дастаны» және ақынның қызы Ш. Сариеваның «Қазақ әдебиеті» газетіндегі (24.09.2010) «Өмірде өз өрнегімен танылған» атты мақалалары және «Қазақ Совет Энциклопедиясы» мен «Ақын-жыраулар» атты анықтамалық жинақта қысқа өмірі берілгені болмаса басқа зерттеу де жоқтың қасы.

Тақырыпты зерттеу барысында ақын шығармаларының тақырыбына, жанрлық ерекшеліктеріне, сонымен бірге өлең құрылысына баса мән беріліп, жүйелі-кешенді талдау әдістері пайдаланылды.

Нәтижесі. Зерттеу жұмысының нәтижесінде халық ақыны Әбдіғали Сариевтің шығармашылығының тақырыптық ерекшелігін ашып, жанрлық сипатын айқындай отырып, ақынның өз заманындағы, яғни Кеңестік кезеңдегі халық ақындарына тән ортақтықты, сонымен бірге Әбдіғалидың өзіне тән ерекшеліктерді айқыналды.

Талдау. Әбдіғали соңына мол мұра қалдырған ақын. Өзінің 64 жылдық ғұмырында айналасындағы қоғамдық құбылыстарды назарынан тыс қалдырмады. Ақын мұрасы соңғы жылдары төте жазудан аударылып, жүйеленіп, баспаға ұсынылды. «Толық шығармалар жинағы» атты тақырыппен алғашқы томы оқырмандардың қолына тиіп үлгерді. Жалпы көлемі 70 баспа табақты құрайтын шығармалары 3 томға жобаланған. Халық ақындарының ішінде мұндай ауқымда шығармашылық мұра қалдырғандары кем де кем.

Ақын тұңғыш өлеңін ел жайлауда отырғанда, Мұздысайдың кең қойнауында, жусап жатқан қозылардың арасында отырып шығарады.

Жайлаудың төрі беткейлі, беткейлі,
Майлы көп байлар ет жейді, ет жейді.
Әкесір жүрген жетімге, жтімге,
Әкіреңдеп бәрі «кет» дейді, «кет», – дейді.

Осылай тарығып жүрген күндерінде Октябрь революциясының таңы атады. Азаттық алған ақын алғашқы өлеңдерінің бірі «Мен қойшыны» домбыраға қосып:

Ай туар ма оңынан,
Күн туар ма солынан.
Сорлы қойшы жүретін,
Заман туса молынан.
Бөркімді аттым аспанға,
Түн түнегі қашқанда.
Бір тосқан бар асқанға,
Қойшы бала, жасқанба! –
деп жар салады.

Әбдіғали таң атқаннан кеш батқанға дейін тек қой соңында жүрген жоқ. Ауыл молдасына барып қара танып, сауатын ашуды да ұмытпаған. Бұл талабы кейін қажетіне жарап, ауылда ашылған төрт кластық кешкі мектепке баруға мүмкіндік алады. Сөйтіп, жиырма екі жасында бастауыштық білім алады. Күнделікті газет-журналдарды оқи жүріп, қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Көп ұзамай Ұзынқарғалы болысында комсомол хатшылығына сайланады. 1923-1925 жылдары Қызылауыздағы №5 ауылшаруашылық кооперативінің несие бөлімінде есепші, Қарақыстақ ауылдық советінің хатшысы, Бұрған колхозының бухгалтері және аудандық қамсыздандыру мекемесінде қызметте болған. 1934 жылы Қазақстан жазушылар одағына мүше болған соң, сол күнге дейінгі атқарған қызметтерінің бәрін қайырып қойып, бойындағы тум таланты – өлең жазуға біржола ауысады.

«Ақын – бір жағынан рудың рудың, яки бір топтың тілек, мақстын жақтаушы қоғам қайраткері болса, екінші жағынан, ақындығымен күн көруші кәсіп иесі адам болып қоғам өмірінде көрінеді. Ақындық өнер сынға түседі. Әр ақын өнер жарысына түсіп, озып шығуға тырысады» (Әлбеков, 2002). Әбдіғали Сариев ерте жастан үлкен жиныдарға араласа бастаған. 1919 жылы он тоғыз жасында Алматыда өткен Жетісу ақындарының бас қосуында Керімбеков Саяділмен, Әзірбаев Кененмен, Кәрібаев Үмбетәлімен танысып, өнер жолындағы үлкен шабытты осы сәттерден алады. 1923 жылы Ұзынағашта өткен Жетісу ақындарының айтыстарын ұйымдастырушылардың бірі болды.

«Халық ақындары ауыз әдебиетінің жақсы дәстүрін сақтап, дамыта отырып, бүгінгі жазба әдебиеттен көп үлгі алады. Жазба әдбеиттің бүгінгі халық әдебиетіне әсері кең. Сондай-ақ жазба әдебиет өкілдері халық әдебиетінен де, әсіресе халық әдебиетінің тіл байлығынан үздіксіз үлгі алып келеді», – дейді ғалым Е.Ысмайылов (Ысмайылов, 1996). Әбдіғали да дәл сондай өзіне дейінгі ақындардың ізінен жаңылмаған ақын. Ұстазы Жамбыл сияқты Әбдіғали да ең алдымен отанды, оның

ұлылығы мен жетістігін жырлаған ақын. Бұған республикалық, облыстық, аудандық газеттер мен журналдарда жарияланған және жеке кітапша ретінде басылған партия, Ленин, мемлекет басшылары мен көрнекті қоғам қайраткерлері, еңбек озаттары мен Ұлы отан соғысының батырлары жайлы жазған өлең-жырлары дәлел. Мысалы «Ленин жолы» деген өлеңінде:

Ленин ердің ері, данышпаны,
Болжаған болашақты алыстағы.
Әлемнің коммунистік етеңі үшін,
Ғұмырын, ақыл-ойын бағыштады, –

дейді. Әбдіғали тек Совет үкіметінің жетістігін ғана жырлап қоймай, елді білімге, ғылымға шақыратын өлеңдерді көптеп жазған ақын. Мысалы, Ақын «Ханым мен уәзірлер» атты толғауында:

Білімді, надан деген екі атақ бар,
Өзгермес қала бере сол сынында.

Атақтан надан деген қашық болып,

Жасыңнан талапкер бол сен ғылымға, – (Сариев, 2020) деп халқын өнер, білімге шақырады.

Әбдіғали – халықшыл ақын. Өзі өмір сүрген кезеңдегі бұқара халықтың тұрмыс-тіршілігін, жай-күйін өлеңдеріне арқау етті. Халықтың бастан кешкен тарихи жағдайларын қашан да жадында сақтап, жыр, дастан т.б. ауыз әдебиеті үлгілері арқылы ғасырдан ғасырға жеткізуге тырысты (Saltakova, 2021). Қоғамның көрінісін, заман тынысын дөп басып суреттей білген. «Мынадай тарих дерекнамаларына назар аударайық: В.Г. Белинский әдебиеттегі халықтық деген қағиданың тура мағыналы және түйінді, түбегейлі ұғымы бар екенін айтады. Орыстың халық жырлары, ертегілері сол халықтың бастан кешкен күндерін, ел есінен кетпейтін қиын-қыстау кезеңдерді терең бейнелегенімен еңбекші бұқара тірлігінің барлық саласын, бүкіл болмысын жан-жақты суреттеп, ұлттық сезімді, ұлттық рухты түйіндеп беру дәрежесінде қызмет атқара алған жоқ. Халық жырының, халық тұрмысының қазқалпындағы сурет-сарынын, кескін-көрінісін көптің көкейіне қонымды қып айтып беретін ақындар болады. Ондай ақындарды тура мағынасындағы халық ақыны деп атап, Белинский мысалға А.Кольцовты келтірген» (Қазақ әдебиетінің тарихы, 1964).

Халық қандай қазына, дария кең,
Кеңдігін бұл халықтың айтайын мен.
Ел дәулеті ешқашан сарқылмайды,
Мың-миллиондар олардан жегенімен.

Мен елді жеушілерден қызғанбаймын,
Шындық айтсам, біреуше бұзғандаймын.

«Ақынның қаламының ұшы» деген,

Сондықтан болған істі сызғандаймын, – деген осы бір үзінді өлеңінен Әбдіғали Сариевтің бойында да дәл осы Белинский айтқан халық ақындарына тән қасиеттер түгел бар десек артық айтқандық болмас. Біз оны ақынның халық өмірі туралы жазған кез келген өлеңінен анық аңғара аламыз.

Әбдіғали Кеңестік кезеңдегі социалистік еңбек науқаны мен сол еңбектің көрігін қыздырған еңбек иелерін де ойынан тыс қалдырған емес. «Заманымыздың шын мағынасындағы халық ақындары қатарынан дәуіріміздің озық та өршіл идеяларын, отаншыл ой-күйін, қоғам шындығы мен халқымыздың патриоттық еңбек екпінін, социализм салтанатын кең де келісті жырлап келген Жамбылды, Нұрпейіс пен Доскейді, Нұрлыбек пен Нартайды, Иса мен Саяділді, Үмбетәлі мен Төлеуді, Болман мен Нұрқанды, Есдәулет пен Сәттіғұлды, тағы сол секілділерді көреміз. Бүгінгі замандағы халық поэзиясының ең таңдаулы үлгілерін жасап отырған осы типтес халық ақындары» (Қазақ әдебиетінің тарихы, 1964). Әбдіғали Сариев те жоғарыдағы аталған ақындардың қатарында социалистік дәуірдің бейнесін шалқар шабытпен жырлаған ақын. Біз оны ақынның «Шопан», «Аңшылар», «Бригадирге», «Запқозға», «Ұсталарға», «Есепшіге», «Пермеге» т.б. сияқты өлеңдерінен көре аламыз. Мысалы «Запқозға» деген мына бір өлеңінде:

Запқоз болсаң колхозға,
Сайманыңды қамдағын.
Дөңгелегін қайқайтпай,
Жаса жөндеп арбаның.
Барлық сайман өзінде,

Түгел санап алғаның, – (Сариев, 2020) деп запқоздың өз жұмысына қалай адал болу керектігі жайында ақындық кеңесін айтады. Осы тектес көптеген өлеңдерінде де ақын қоғамдық өмірдің тыныс-тіршілігін әдемі бейнелеп, еңбекшілерді ынталан-дырып, шабыт беріп отырған.

Ә. Сариевтің қоғамдық құбылыстарға, тарихи оқиғаға үн қосқыштығын бағалаған ғалым Көбей Сейдаханов: «Әбдіғали Сариевтың екі дастаны» деген зерттеуінде «Партизан Ғалым» туралы: «Бұл көлемі жағынан да (1083 жол) мазмұны жағынан да қомақты шығарма. Ұлы Отан соғысы тұсында қазақ жауынгерлерінің де партизан қатарында көп болғанын тарихи деректерден білеміз». Халық ақындарының туындыларында партизандардың ерлігіне арналған шығармалар көп емес. Ал дастандардың осы Ғалымның ерлігі жайындағы жыр ғана», – десе, «Капитан Гастелло» Майдан ерліктеріне арналған алғашқы көлемді шығармасы ғана емес, күллі халық ақындарының творчествосында Ұлы Отан соғысы тақырыбына шығарылған тұңғыш дастан болғанын атап көрсетеді. Бұл дастан орыс тіліне аударылып, 1946 жылы Москвада пластинкаға жазылды, «Қазақстан» журналының 1947 жылғы №7 санында жарияланды.

Әбдіғали арнау өлеңдерді де өз деңгейіне жеткізе жазған ақын. Әдебиеттанушы, ғалым Р. Бердібаев: «Ауызша өлең шығаратын ақын атаулының көп туындысы жеке адамдарға арнау түрінде айтылатыны ежелден келе жатқан салт» (Р.Бердібаев, Дәстүр тағлымы. 1973), – деп келтіреді. Поэзиямызда арнау өлеңдер көптеп саналады. Ақындық дәстүрдің бұл түрі арыдан келе жатқаны белгілі. Әбдіғали Сариевтің арнау өлеңдері өзі өмір сүрген заманның көрінісінен де, сол кездегі адамдардың мінезінен да хабар береді.

«Арнау – белгілі бір адамның бейнесін, мінез-сипатын суретту мақсатымен жазылған дербес поэзиялық туынды. Бұл үлгідегі өлеңдердің негізгі өзгешелігі – олар

жай біреуге құрмет сезімін білдіру үшін арналған өлең емес, сол адамды мінездеуге арналған шығарма деуге болады» (Әдебиеттану терминінің сөздігі, 1996). Әбдіғали Сариевтің «Сүйінбайға», «Депутат шопан», «Кежекбайға», «Әуезханға», «Сарыбай», «Анарбек Шопан», «Бір ақынға», «Әбдіхалық туралы», «Қамбарбайға», «Қарабай», «Нұрсұлтанға», «Шоңайқұлға» т.б. осы сияқты бірталай арнау өлеңдерінен ақынның аталған жанр бойынша да қалам тербегенін анық аңғаруға болады. Осы шығармаларда қазақ ауылына тән өзіндік этностық, этнографиялық дәстүрлер, ру аралық туыстық байланыстар жырланады. Сонымен қатар кейбір кейбір адамдардың оғаш қылықтары да ашылып жатады. Ақын арнауларына тән бір ерекшелік кімге, не арнаса да жалтармай тура айтатын болған. Сол себепті Әбдіғали өлеңдері өткір, уытты келеді.

Әдебиеттанушы М. Дүйсенов: «Қазіргі айтыс дәстүрінде әр ақын өз ауданы мен облысындағы жетістік, табыстарын айтып, қарсыластары облысындағы кейбір өзі байқаған кем-кетіктерді сыпайы түрде іліп кетіп жатады. Сайып келгенде айтыс тақырыбының терезесі кең, ол заман, қоғам, адам туралы, бүгінгі күннің шындығы болып отыр. Жеке бастың ғана емес, қоғамдық мәні бар жайлар ақындар назарынан әсте шыққан емес», – дейді (Дүйсенов, 1982). Әбдіғали да қоғам бейнесін өз айтыстарында ел көңілінен шығара жырлаған ақын. Дегенмен, Әбдіғалидың мысал айтыстағы қыры өз алдына бөлек дүние. «Әбдіғали мен Торы жорға», «Айран мен дүңгір», «Жігіт пен темекі», «Жолаушы мен фанер» сияқты мысал айтыстарды жазған. Колхоз өміріндегі тың жаңалық, елеулі өзгерістерді мысал арқылы астарлап жеткізген.

Сағыныш пен өкініш, қуаныш пен қайғы, арман мен үміт, өмір мен өлім, тағы басқалар өмірдің қарама-қарсы қас беттері болса, поэзияның да берік ұстанымы. Ой мен сезім поэзияда көркем тілмен, тамаша образдармен өріліп жатуы шарт. Онсыз ой да, сезім де оқырманға толық жетпейді.

Әбдіғалидың бір күдіреті де осында. Ой мен сезімді қайталанбас образға айналдырып, көз алдына сөзбен салынған суреттер әкелуінде. Оқушысын да, тыңдаушысын да сөздің сиқырына бөлеп, тұтқындап алады. Поэтикалық қуат еріксіз өзіне бағындырады.

Бұл қасиет бала Әбдіғалидың өлеңге алғаш қадам басуынан-ақ көрінеді. Сөздің күдіретін ұғынуда ауыз әдебиетін, халық ақындары туындыларын терең түйсініп, қабылдауының орны ерекше болды. Халық ақындарының өлеңнен дауыл туғызған шығармашылығы Әбдіғали үшін үлкен мектепке айналды. Сондықтан да оның шығармашылығындағы суреткерлік халық ақындарының туындыларындағы өктем сарын-интонациямен, сөз өрнектерімен тікелей сабақтасып жатуы заңдылық еді. Бұған ақынның:

Өлмесе ақын өлмейді,
Қаламнан туған қаны бар.
Самал желдей жаз күнгі,
Шырқап салған әні бар.
Ән де бекер шықпайды,
Халық үшін мәні бар.
Шөлдегенге сусындай

Тілден тамқан балы бар.
Ел өмірі бар жерде
Ақын содан табылар.
Бір мысалға қарасам,
Жаңбыр жауса қақ болар,
Мезгілі бітіп тоқтаса,
Бір минутта сап болар.
Надан, міне, осындай,

Қақ суындай жоқ болар, – деген жыр жолдары нақты мысал бола алады. (Сариев, 2020)

Шығармадағы мазмұнды форманы таныту жолдары алуан түрлі. Ол шығарманың жанрлық ерекшеліктеріне, композициялық, сюжеттік құрылымына, тілдік ерекшеліктеріне қарай түрленіп отырады. Ал соның бірінде есте ұстайтын нәрсе – шығармадағы ой мен өрнек тұтастығын естен шығармау. Мазмұнын бір бөлек, формасын бір бөлек таныту көркем әдебиеттің табиғи ерекшелігіне жат дүние.

Әбдіғали: «Қызғалдақ қызарғанмен демде солар», «Жұртым-ай шалқақтамай сөзге түсін, ойланшы сыртын қойып, сөздің ішін» деген жолдар арқылы өлеңнің күрделі ішкі құрылымына, стильдік ішкі бітіміне үңілуді үндейді. Ақын өз шығармаларында осы биік эстетикалық принципті берік ұстаған.

Ғалым А. Бұлдыбай: «Ақын атаулының бәрінде нағыз шеберліктің шыңына жеткізетін қасиет – шығармаларын бейнелілікпен, көркем тіл өрнектерімен жырлау. Көркем де бейнелі өрнектелген поэзия тілі адам жанының иірімдеріне терең бойлап, ақын шығармаларының халық жүрегіне берік ұялайтын қадір-қасиетін арттыра түседі», – дейді (Сариев, 2020).

Ғалымның осы айтқан пікіріне сәйкес Әбдіғали шығармаларында да көркемдік бейнелеу құралдаранының барлық түрлері кездеседі. Әсіресе поэзияда көркем образ жасаудың маңызды құралына айналған теңеу, эпитет жиі ұшырасады. Мысалы:

Түймедей болған басы бар,
Туған айдай қасы бар.
Сүмбедей біткен сүйегі,
Тал жібектен шашы бар.

Қыр мұрынды, ат жақты,
Жазық біткен төсі бар.
Мылдыр күлкі, ай маңдай,
Анық сұлу осылар.

Тамағына қарасан,
Ақ бөкеннің таңындай.
Құмырысқа бел, тал мықын,

Жүрсің-ау, шіркін, табылмай, – деген өлең шумақтарындағы «түймедей», «туған айдай», «сүмбедей», «тал жібектей» сияқты айшықты теңеулер мен «Қыр мұрынды», «ат жақты», «ай маңдай» деген эпитеттер өлеңнің эстетикалық әсерін арттыра түскендей.

Әбдіғали өлеңдеріндегі музыкалық әуен, ішкі мазмұндағы образды бейнелеулер, жеке сөздердің құрамындағы дыбыстық үйлесімдерге құрылған әуездік үндесулер барынша нық, фразеологиялық тіркестік жүсеймен жасалған. Бір ерекшелігі шумақтардың соңғы екі тармағын қорытынды түйін, кідіріс үшін қолданады.

Әбдіғали 7-8 буынды өлшеммен шығарылған өлеңдерінде ұйқастық үйлесімнің бірнеше түрлері байқалады. Кезекті ұйқасқа құрылып, шумақтың өлшемі төрт не одан да көп тармақтармен жалғасатын өлеңдері жыраулық сарынмен шұбыртпалы, аралас, ерікті ұйқастармен әрлене түседі. Мысалы:

Жаз шырайын кіргізіп,
Қуанышты май кеді.
Қаһарлы қысты қақ жарып,
Әр түлігі сай келді.
Кеңінен жайып құлашын,
Әлемге бірдей жай келді.
Түн самалын қоңырлап,
Көп жұлдыз бен ай келді. –

деген жолдар Әбдіғали шығармаларының идеялық, поэтикалық қуатын арттырып, оқырманға әез бен мазмұнның үйлесім тапқан тамаша әсерін береді.

Ақын оқырман көңілін үнемі аударып отыруы үшін ақын сөзден нелер әсем зер салады. Кейде олар дыбысқа жан бітіреді. Сол дыбыстар сазы тамаша үйлесім тауып отырады. Ақындық ойды дәл әрі әдемі жеткізеді, соған қызмет етеді. Ақын Ә.Сариевтің мына бір өлеңіндегі:

Жанғазы сізге жолықтым,
Жолаушы жүріп өзіңе.
Жүрегім майдай ереді,
Жағымды жылы сөзіңе... –

деген жолдарындағы дыбыс үндестігі әдемі үйлесім тапқан. Ақын «ж» дыбысын қайталау арқылы досқа деген адал көңілін, соған деген өзінің сүйіспеншілігін де тамаша өрнектей алған. Ақын «Қалтаңда пұлың көп болса» өлеңінде дыбыс қайталау арқылы өлеңнің эмоционалдық сазын үстеген:

Қалтаңда пұлың көп болса,
Құдайға жақын, морт болар.
Қолыңда дүниен кем болса,
Құдан да болса сырт болар, –

деп «к» дыбысын қайталау арқылы тыңдаушысын негізгі мақсатына жетектейді. Оқушысының ой-сезіміне әсер етеді. Мұның бәрі ақын ойының философиялық тереңдігін аша түсіп, өлеңнің эмоционалдық қуатын күшейтеді.

Бұл жөнінде профессор С. Негимов: «Өлеңнің музыкалық дыбыстарға, сұлу ұйқасымдарға, әуезді ырғаққа құрылуы – ақындық болмыстың ішіндегі әншілік, орындаушылық өнерімен сабақтас», – дейді. (Өнерпаздық өрнектері. С. Негимов). Демек, дыбыстар – өлең ырғағын, сұлулығын арттыратын құралдар. Ал дыбыстық қайталаулар да дәл сондай көркем айшықтар. Әбдіғали шығармаларындағы ассонанстар ақын өлеңдерін екпіндете түсуге ықпал етеді.

Қорытынды. Әдебиеттанушы ғалым Т.Тебегенов: «Әдеби процесс – рухани құндылықтар тарихы. Әдеби шығарма – өткен мен бүгінді, болашақты тұтастай елестететін өзекті мәселелерді қамтитын көркемдік-эстетикалық тағылымы мол халық дүниетанымының айнасы» (Тебегенов, 2001), – дейді. Сонымен өзіне дейінгі атақты ақындардың өлеңдерін, фольклорымыздағы асыл қазыналарды, шығыстық сюжетті жыр-дастандарды жастайынан құлағына құйып, санасына сіңіріп, өз ортасынан оза шыққан заманының зерделі ақыны Әбдіғали Сариев қоғамдық құбылыстардың ешбіріне болса да бейжай қарамай, өлеңіне қосып, еліне ұсынып отырды. Жай ғана жаза салмады, алдыңғы ұстаздарының ақындық дәстүрін сақтай отырып, өз әлінше жаңа үнмен, тың серпінмен жазды.

Қорыта айтқанда, Әбдіғали Сариев қай тақырыпта жырласа да поэзиядағы көркемдегіш құралдарды орнымен қолдана отырып, оқырманға шынайы әсер ете білді. Сол арқылы тіршілік тынысы, отан сүйгіштік сезім, адамгершілік қасиеттер, табиғат, махаббат т.б. жайындағы өлеңдері ел жүрегінен орын ала білген ақын.

Оралбек А.¹, Кусанов С.К.², Рақыш Ж.С.³

^{1,3} *Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Казахстан, Алматы*

² *Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы*

E-mail: ¹ora-10@mail.ru, ²Kosan_1964@mail.ru, ³Zhumashay19@mail.ru

Orcid ID: ¹0000-0002-0600-7006, ²0000-0001-8273-3571, ³0000-0002-7574-072X

Тематические и жанровые особенности творчества Абдигали Сариева

Аннотация. Подлинная картина литературы казахского народа в XIX веке, актуальные и ключевые лейтмотивы на пути к независимости страны, истинный смысл литературных произведений не были раскрыты и обсуждены на должном уровне как во времена царской имперской России, так и в годы советской власти. Творчество целого ряда поэтов в контексте советской идеологии не было достойно раскрыто и не получило всесторонней оценки. В настоящее время их творческое наследие впервые исследуется с точки зрения преемственности художественной литературы и общественно-социальных явлений. Раскрываются «белые» пятна отечественной литературы, выделяются ее основные характеристики. Выявлены закономерности ее эволюции. Переосмыслено наследие поэтов, введены в научный оборот неизвестные ранее материалы, обнаруженные в архивах.

О значении произведений народных поэтов XIX века в духовной жизни нашего народа написано немало, но во время советской власти тенденции развития казахской литературы освещались односторонне, так как часто подвергались цензуре политической идеологии. Тем не менее произведения некоторых народных поэтов хранились в разных уголках страны, у известных людей, но, к сожалению, не стали темой фундаментальных исследований, поскольку не были введены в научный оборот. Одним из таких неповторимых народных поэтов и является Абдигали Сариев. В данной статье рассматриваются многообразие тем его творчества и жанровые особенности произведений народного поэта Абдигали Сариева.

Ключевые слова: народный поэт, поэзия, тема, жанр, айтыс, стихи, стихотворная медитация.

Oralbek A.¹, Kusanov S.K.², Rakysh Zh. S.³

^{1,3} *M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Kazakhstan, Almaty*

² *Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty*

E-mail: ¹ora-10@mail.ru, ²Kosan_1964@mail.ru, ³Zhumashay19@mail.ru

Orcid ID: ¹0000-0002-0600-7006, ²0000-0001-8273-3571, ³0000-0002-7574-072X

Thematic and genre features of Abdigali Sariev's work

Annotation. The true picture of our folk's literature in the 19th century, the actual key leitmotifs on the path to the independence of the country, the true meaning of literary works were not disclosed and discussed at the

proper level both during the time of tsarist imperial Russia and during the period of Soviet power. The work of a number of poets was not properly evaluated in the light of Soviet ideology. Now they are being considered for the first time in a scientific way with regard to the continuity of fiction and social phenomena. The white pages of folk literature are being revealed, the main characteristics and patterns are being highlighted. The legacy of the poets has been revised, their work kept in the archives has been taken into account and re-evaluated.

Much has been said and written about the place of the works of the last century folk poets in the spiritual life of our people. However, during the Soviet era, our literature was covered one-sidedly and often fell under the censorship of political ideology. Nevertheless, the works of some folk poets were kept in different parts of the country, in the hands of famous people, but they never became a subject of fundamental research, since they were not introduced into scientific circulation. Abdigali Sariev is one of such unique folk poets.

This article discusses the diversity of themes and genre features of the works of the national poet Abdigali Sariev.

Key words: People's poet, poetry, theme, genre, aitys, poetry, poetic meditation.

Информация об авторах:

Оралбек Алмас, докторант института имени М.О. Ауэзова, научный сотрудник института имени М.О. Ауэзова, Казахстан, г. Алматы, ora-10@mail.ru; ORCID: 0000-0002-0600-7006

Кусанов Серикбай Кылышбаевич, кандидат филологических наук, старший преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, Kosan_1964@mail.ru; ORCID: 0000-0001-8273-3571

Рақыш Жумашиай Сайлауовна, кандидат филологических наук, старший научный сотрудник института имени М.О. Ауэзова, Казахстан, г. Алматы, Zhumashay19@mail.ru; ORCID: 0000-0002-7574-072X

Әдебиеттер

Әбдіғали Сариев таңдамалы шығармалары жинағы, – Алматы, Қазақ кітабы, 2020. – 398 б. (қаз).

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: «Ана тілі», 1996. (қаз).

Әлбеков Т. Құланаян Құлмамбет. – Алматы, Асем-Систем, 2004. – 334 б. (қаз).

Дүйсенов М., Сейдаханов М., Негимов С. Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты. – Алматы: Ғылым, 1982. (қаз).

Қазақ әдебиетінің тарихы. – Т.7. – Алматы. Қазақпарат, 1964. – 462 б. (қаз).

Негимов С. Өнерпаздық өрнектері. – Алматы, Ана тілі, 1996. – 88 б. (қаз).

Салтақова Ж., Онал М.Н., Әлбеков Т.К. Түркі халықтарының генеалогиялық дәстүрі немесе ұлттық жады. – Ұлттық фольклор, 130 (Waz,2021). 21-30 б. <https://www.millifolklor.com/PdfViever.aspx?Сауы=130&Сауфа=23> (түрікше).

Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. Монография. – Алматы: Білім, 2001. – 332 б. (қаз).

Ісмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары. – Алматы, Ана тілі, 1996. – 240 б. (қаз).

Литература

Абдигали Сариев избранные произведения. Алматы, 2020. – С. 398. (қаз)

Албеков Т. Куланаян Кулмамбет. – Алматы, Асем-Систем, 2004. – С. 334. (қаз)

Дуйсенов М., Сейдаханов М., Негимов С. Художественный характер творчества народных поэтов. – Алматы: Ғылым, 1982. – С. 51. (қаз)

История казахской литературы. – Т.7. – Алматы. Казакпарат, 1964. – С. 462. (қаз)

Исмайылов Е. Жамбыл и народные поэты. – Алматы, Ана тили, 1996. – С. 240. (қаз)

Негимов С. Поэты – певцы. – Алматы, Ана тили, 1996. – С. 88. (қаз)

Салтақова Ж., Онал М.Н., Албеков Т.К. Генеалогическая традиция тюркских народов или национальная память. - Национальный фольклор, 130 (Ваз, 2021). стр. 21-30. <https://www.millifolklor.com/PdfViever.aspx?Сайы=130&Сауфа=23> (түрпц).

Словарь литературоведческих терминов. – Алматы: «Ана тили», 1996. (каз)

Тебегенов Т. Традиции литературы и фольклора в произведениях народных поэтов. Монография. – Алматы: Билим, 2001. – С. 332. (каз)

References

Abdigali Sariev selected works (2020). – Almaty. – 398 p. (in Kaz)

Albekov T. (2004) Kulanayan Kulmambet. – Almaty: Asem-Sistem. – 334 p. (in Kaz)

Dictionary of Literary Terms (1996). – Almaty: Ana tili. (in kazak)

Duisenov M., Seidehanov M., Negimov S. (1982) The artistic nature of the work of folk poets. – Almaty: Gylym. – 51p. (in Kaz)

History of Kazakh literature (1964). – T.7. – Almaty: Kazakparat. – 462 p. (in Kaz)

Negimov S. (1996) Poets – singers. – Almaty: Ana tili. – 88 p. (in Kaz)

Saltakova Zh., Onal M.N., Albekov T.K. (2021) Türk Halklarının Şecerecilik Geleneği ya da Milli Bellek. – Milli Folklor, 130 (Yaz, 2021). p.21-30. (in tur) <https://www.millifolklor.com/PdfViewer.aspx?Sayi=130&Sayfa=23>

Teбегенов Т. (2001) Traditions of literature and folklore in the works of folk poets. Monografiya. – Almaty: Bilim. – 332 p. (in Kaz)

Ysmayilov E. (1996) Zhambyl and folk poets. – Almaty: Ana tili. – 240 p. (in Kaz)